

Алматы қаласы әкімдігінің "Алматы қаласының орта білім беру ұйымдарындағы 2019 жылға арналған орта білім беруге мемлекеттік білім беру тапсырысын бекіту туралы" 2019 жылғы 16 мамырдағы № 2/302 қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Мерзімі біткен

Алматы қаласы әкімдігінің 2019 жылғы 31 желтоқсандағы № 4/687 қаулысы. Алматы қаласы Әділет департаментінде 2019 жылғы 31 желтоқсанда № 1604 болып тіркелді. Мерзімі өткендіктен қолданыс тоқтатылды

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі "Білім туралы" Заңының 6-бабы 3-тармағының 7-2) тармақшасына және Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі "Құқықтық актілер туралы" Заңының 50-бабына сәйкес, Алматы қаласының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Алматы қаласы әкімдігінің "Алматы қаласының орта білім беру ұйымдарындағы 2019 жылға арналған орта білім беруге мемлекеттік білім беру тапсырысын бекіту туралы" 2019 жылғы 16 мамырдағы № 2/302 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 1559 болып тіркелген, 2019 жылғы 30 мамырда "Алматы ақшамы" және "Вечерний Алматы" газеттерінде жарияланған) келесі өзгеріс енгізілсін:

аталған қаулымен бекітілген Алматы қаласының орта білім беру ұйымдарындағы 2019 жылға арналған орта білім беруге мемлекеттік білім беру тапсырысы, осы қаулының қосымшасына сәйкес, жаңа редакцияда мазмұндалсын.

2. Алматы қаласы Білім басқармасы Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте осы қаулыны әділет органдарында мемлекеттік тіркеуді, кейіннен мерзімді баспа басылымдарында ресми жариялауды және Алматы қаласы әкімдігінің интернет ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің орынбасары Е.Ж. Бабақұмаровқа жүктелсін.

4. Осы қаулы ол алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Алматы қаласының әкімі

Б. Сагинтаев

қаулысына қосымша

Алматы қаласы әкімдігінің

2019 жылғы 16 мамырдағы

№ 2/302 қаулысымен бекітілді

Алматы қаласының орта білім беру ұйымдарындағы 2019 жылға арналған орта білім беруге мемлекеттік білім беру тапсырысы

--	--	--	--	--

№	Орта білім беру ұйымдарының атауы	Білім алушылардың саны	Бір жылға бір оқушыға жұмсалатын шығындардың орташа құны (теңге)	Бір жылға мемлекеттік білім беру тапсырысының мөлшері (теңге)
Бюджеттік бағдарламаның әкімгері - Алматы қаласы Білім басқармасы				
1	"Қайнар" мектебі" мекемесі	78	235595	15 589 000
2	" Ж ә н и я Әубәкірованың авторлық мектебі" мекемесі	344	235595	75 419 000
3	"InterLingua" лицейі " мекемесі	69	235595	15 878 000
4	"Ғалым" Қазақ ұлттық гимназиясы" мемлекеттік емес мекемесі	31	235595	6 227 000
5	"Ак ниет" мекемесі	106	235595	19 712 000
6	"Жаңа мектеп" білім беру мекемесі	288	235595	64 399 000
7	" А р а й " оқу-әдістемелік орталығы" коммерциялық емес мекемесі	179	235595	39 138 000
8	" Алматы " Білім-Инновация" қыз балалар лицейі" мемлекеттік емес білім беру мекемесі	279	235595	70 898 000
9	"Galaxy" Халықаралық мектебі мекемесі	342	235595	76 312 000
10	"Тамос Эдьюкейшн Физика-Математика Мектебі" білім беру мекемесі	2101	235595	445 719 000
11	"Қазақ бас сәулет-құрылыс академиясы" акционерлік қоғамы	132	235595	32 741 000
12	"Н. Назарбаевтың білім қоры" " Алматы қаласының Халқаралық мектебі " қоғамдық қорының филиалы	353	235595	77 777 000

13	"Лидер" мемлекеттік емес білім беру мекемесі	176	235595	38 838 000
14	"ЭЛКО" жауапкершілігі шектелулі серіктестігі	41	235595	7 825 000
15	"ZERDE" мектеп-гимназиясы" жауапкершілігі шектелулі серіктестігі	321	235595	68 539 000
16	"Магистр" жеке меншік мектеп-колледжі" білім беру мекемесі	236	235595	52 873 000
17	"Сүлейман Демирел атындағы мектеп-интернат-ко лледж" мекемесі	231	235595	55 567 000
18	"Н. Назарбаевтың білім қоры" қоғамдық қорының Алматы қаласындағы " Мирас" мектебі" филиалы	449	235595	100 599 000
19	"Global education" балабақша-мектебі" жауапкершілігі шектелулі серіктестігі	88	235595	16 365 000
20	"Қазақ-Америка Университеті" жауапкершілігі шектелулі серіктестігі	531	235595	112 563 000
21	Үздіксіз білім беретін жеке меншік "Сенім" мектебі" мекемесі	131	235595	29 364 000
22	"Alliance school" жауапкершілігі шектелулі серіктестігі	90	235595	18 421 000
23	"Школа 21 ғасыр" жауапкершілігі шектелулі серіктестігі	116	235595	25 929 000
	"Алматы математика-лингвистика"			

24	тикалық "Самай" мектебі" мекемесі	209	235595	43 724 000
25	"Бәйтерек" Халықаралық мектеп-лицейі" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	207	235595	45 177 000
26	"Мақсат" Үздіксіз білім беру мекемесі " жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	25	235595	5 541 000
27	"Болашақ" арнайы мамандандырылған орта мектебі" жеке меншік мекемесі	123	235595	24 690 000
	Барлығы:	7276		1 585 824 000

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК